



Жетістікті өнімді еңбек еселейді

2



Тоғызқұмалақ тақтасында 18 мың ғалам көрініс тапқандай

3



Ендігі асу – Әлем біріншілігі

4



# Сыр бойы



№124 (19802)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

20 тамыз /СЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

СЕССИЯ

## Халық сенімі қашанда маңызды

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 35-ші сессиясы өтті. Оның жұмысына ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Бекмырза Еламанов пен Мұрат Бақтиярұлы қатысты. Сессия төрағасының міндетін атқарған облыстық мәслихаттың хатшысы Наурызбай Байқадамов күн тәртібін жариялағаннан кейін аймақ басшысы қысқаша хабарлама жасады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



Облыс басшысы 2019 жылдың бюджеті 239,2 млрд теңге болып бекітіліп, үш рет нақтыланып, 297 млрд теңгені құрағанын жеткізді. Сондай-ақ, 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет жобасында 14,2 млрд теңге сомасын нақтылауды ұсынды. «Бұл қаражатты облыстың кезек күттірмейтін басым бағыттағы шығындарына жұмсау көзделуде. Біріншіден, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге қосымша 5,1 млрд теңге бөлінді. Бұдан басқа, 2019 жылғы 1 маусым-

нан бастап азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын арттыруға қосымша 967,9 млн теңге; еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 1,1 млрд теңге бағытталды. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға кредит беруге 950,0 млн теңге қаралуда», – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, облыс бюджеті өзінің әлеуметтік бағытын

сақтап келеді. Денсаулық сақтау, білім беру, спорт, мәдениет саласын дамытуға 878,0 млн теңге бағытталды. Бұдан басқа, облыс бюджетінің қалған бөлігі Сырдария өзенінің сол жағалауын игеруге және дамытуға (8 жалға берілетін тұрғын үй құрылысына), облыс орталығын дамытуға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 4

2-бет.

САПАР

## Сыр құрылысшылары алғыс алды



Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов жұмыс сапарымен Түркістан облысында болды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі. Сапар барысында аймақ басшысы Арыс қаласындағы қалпына келтіру жұмыстары

мен Түркістандағы халыққа қызмет көрсету кешені құрылысымен танысты. Облыс басшысы аймаққа бөлінген Арыс қаласындағы № 6 аумақты аралап көрді.

2-бет.

Суретті түсірген Бағдат ЕСКАНОВ.

СҰХБАТ

## Білім беру жаңаша сипатта дамиды

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, діліне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт-дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға ретінде қалыптастыруда ұстаздарға артылатын салмақ аз емес. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен тамыз конференциясында мұғалім мәртебесі мен алдағы жана міндеттер сөз болды. Санаулы күннен соң басталатын жана оқу жылының алдында тын серпінді қажет ететін білім саласында қандай өзгерістер бар? Бүгінгі заман талабына сай білім берудің мазмұны мен алдағы оқу жылында атқарылатын істер туралы газет тілшісі облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдебековамен әңгімелескен еді.

– Майра Тұрғанбайқызы, откен аптаның соңында Мемлекет басшысының қатысуымен болған тамыз конференциясына Сыр өңірінің ұстаздар қауымын бастап барып келдіңіз. Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа буынды тәрбиелеудегі мұғалімдердің ролін атап өтті. Білім са-

пасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылданатынын да жеткізді. Бүкіл еліміздің мұғалімдері бас қосқан жиында тағы қандай мәселелер сөз болды?

– Жалпы тамыз мәслихаты республикада 16 тамыз күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтті. ҚР

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов білім саласында бірқатар нақты міндеттер қойды. Өзінің де естіген боларсыз, А Байтұрсынұлының үлгісі бойынша әліппе қайта оқытылады. Бұл барша ата-аналарды, ұстаздарды қуанып отыр. Мұнан бөлек, мұғалімдер жалақысын арттыру бағытында тапсырмалар жүктелді. Алдағы 4 жыл ішінде педагогтардың еңбекақысы 2 есеге дейін ұлғайтылады.

Білім және ғылым министрі барлық жергілікті білім басқармаларына балалардың мамандық таңдау бағытына көмек беруді 7-сыныптан бастау мәселесін негіз етіп қойды. Мамандықты айқындау жұмысы жүйелі сипатқа ие болу керектігін айтты.

2-бет.

## Интернет-конференция

2019 жылғы 22 тамызда сағат 10.00-17.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Д.Ысқақовтың қатысуымен «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

МӘЖІЛІС

## Игерілмеген қаржы – ілгері баспаған іс

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалық етуімен аппарат мәжілісі өтті. Онда алдымен аймақтық бюджеттің атқарылуы жөнінде сөз болды.

Назерке САНИЯЗОВА.

2019 жылдың 1 тамызындағы мәліметке сүйенсек, бюджет түсімі – 102,7, оның ішінде бюджеттің өз кірісі 117,1 процентке орындалды. Артық түскен қаржы көлемі – 4,5 млрд теңге. Шығын жоспары 97,7

процентке орындалып, 3,7 млрд теңге игерілген жоқ. Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің арасында оның ең қомақты бөлігі облыстық жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына тиесілі.

– Бұған Сырдарияның сол жағалауындағы (Қызылорда қаласы) магистралды көше жолдарының құрылысы бойынша сараптама қорытындысының шықпауы, «Жалаған-Жосалы» автомобиль жолын жөндеу бойынша мемлекеттік сатып алу порталының техникалық ақауына байланысты аванстық төлемнің көрінеуі себеп болып отыр, – деді облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаев.

2-бет.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

## Сала үздіктеріне құрмет

Облыс орталығында ҚР Спорт күні мерекесіне орай велшеру өтті. Бұқаралық шара Тәуелсіздік даңғылынан басталып, Ш.Есенов көшесі арқылы «Мұз айдыны» спорт кешенінде мәреге жетті.

Велшеруге облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Акимов, спортшылар, әуесқойлар және қала тұрғындары қатысып, салауатты өмір салтын насихаттауға өз үлестерін қосты. Р.Рүстемов спортшыларды кәсіби мерекемен құттықтап, саланың дамуына үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлерді марапаттады.

Спорт ардагерлері Жақсыбек Егізбаев, Төлеген Анасбайұлы, Роман Пен, №19 олимпиадалық резерв мектебінің директоры Серік Алмағамбетов, бокс, еркін күрес және әмбебап жекпе-жектен облыстың аға жаттықтырушылары, т.б. сала қызметкерлері ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасын алды.

«СБ» ақпарат.





# Сыр құрылысшылары алғыс алды



Естеріңізге сала кетейік, Қызылорда облысына Арыс қаласындағы 268 тұрғын үй, 5 әлеуметтік және 10 кәсіпкерлік нысан орналасқан №6 аумақ бөлінген болатын. Бүгінгі күні қалпына келтіруге жатпайтын үйлердің бірі бұзылып, оның орнына жаңа үй сатып алынды; келісім бойынша қаланың көпқабатты үйлерінің бірінен тұруға жарамсыз деп танылған жеке үй тұрғындары (93 жастағы әже, 60 жастағы мүгедек ұлы мен 19 жастағы немересі) мен бір аулада орналасқан тұруға жарамсыз екі үйдің тұрғындары үшін жаңа баспана сатып алынды. Қалған 264 үй толығымен қалпына келтірілді. Қалпына келтіру жұмыстарын орындау үшін 20 құрылыс компаниясы жұмылдырылған болатын. Сырбойлық құрылысшылар Арыс қаласында өздеріне бөлінген жұмыстарын толығымен аяқтады.

Сондай-ақ, аймақ басшысы Түркістандағы халыққа қызмет көрсету кешенінің (Шығыс

моншасы) құрылыс барысымен танысып, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Асқар Маминге ондағы жұмыстар туралы баяндады.

«Бүгінгі таңда кешен қабырғалары мен бағаналарын салу жұмыстары толығымен аяқталды, ғимаратты жылу оқшаулағыш материал – минералды мақтамен қаптау және ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Кестеден қалыс қалу жоқ, құрылыс жоспарланған мерзімде аяқталады», – деді Қуанышбек Ысқақов.

Айта кетейік, Түркістан облысы құрылғаннан кейін жаңа аймаққа сый ретінде бірқатар әлеуметтік-мәдени нысан салып беру туралы шешім қабылданған болатын. Оның ішінде Қызылорда облысына тәулігіне 100 келушіге арналған халыққа қызмет көрсету кешені (Шығыс моншасы) құрылысы бөлінді. Кешеннің жалпы ауданы 3 мың шаршы метрден астам, құрылыстың бас мердігері – «Бак-Береке 2030» ЖШС.

1-бет.

«СБ» ақпарат.

# Білім беру жаңаша сипатта дамиды



1-бет.

Министр білім саласында ашықтық бағытын ерекше қозғады. Әрбір мектептерде мұғалімдерді қызметке қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл ретте біз быдан бастап педагогтарды электронды түрде қызметке қабылдауды басталдық. Білім мен ғылым саласын кешенді дамыту ісіне де ерекше көңіл бөлінді. Жалпы республикалық тамыз жынындағы бірқатар тапсырмаларды іске асыру мәселелері облыстық тамыз кенесінде де талқыланады.

– **Алдағы жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Дайындық барысы қалай?**

– Бүгінде басқарма тарапынан аймақтағы барлық білім беру ұйымдарының оқу жылына дайындық барысы пысықталуда. Қажетті жұмыстарды бақылау, оқулықтардың уақытылы жетіуі, мектептердің жөндеу жұмыстары, оқушыларды сыныпқа қабылдау сынды негізгі жұмыстар өз деңгейінде атқарылуда.

Өздеріңіз білесіздер, был жылғы оқу жылында 4,9,10 сыныптар кестеге сай жанартылған білім беру мазмұнына көшеді. Елімізде жанартылған білім беру форматы осы кезге дейін де спиральдік жүйе бойынша жүргізілді, яғни, алаңдауға негіз жоқ. Жаңартылған мазмұнға сәйкес 10-сынып оқушылары «Графика және жобалау», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» сынды жаңа пән оқиды.

– **Бүгінде жаңаша білім беру жолында өзгерістер жүріп жатыр. Ұстаздар мен оқушыларды қандай жаңалықтар күтуде?**

– Алдағы 2019-2020 оқу жылында елеулі өзгерістер болмайды. Бірақ, білім беру саласында айтулы жаңалықтың бірі ретінде оқушылардың 1-сыныпқа қабылдануы автоматтандырылғанын айта кету керек, яғни, ата-аналар қажетті құжаттарды электронды рәсімдей алады. Сонымен бірге осы жылы мұғалімдерді қызметке қабылдау процесі де автоматты жүйеге ауысты. Жүйе jumys.siten.kz ақпараттық жүйесі арқылы реттеледі. Бұл өз алдына педагогтың уақытын үнемдеп, адами факторлардың қатысуынсыз іске асыруға жол ашады.

Жаңа оқу жылында облыста 293 мектепте 164 500 оқушы келеді деп күтілуде. Оқушылардың контингенті 2018 жылмен салыстырғанда 10 мыңға көбейеді. Оның ішінде 1-сыныпқа келетін оқушылар саны жобаман 2500-ге артады. Қазіргі есебіміз бойынша облыста 1-сыныпқа 21553 оқушы қабылданады. Оқушылар санының өсуі негізінен Қызылорда қаласында байқалады.

– **Қанша мектепке жөндеу жұмыстары жүргізілді? Олар жаңа оқу жылына толыққанды дайын бола ма?**

– Баршаға белгілі, Сыр елінде үш ауысымда оқитын мектептер жоқ. Мектеп сыйымдылығы мәселесін реттеу үшін қаладағы 1300 орынға профициттері бар 5 мектепке (№4,12,187, 217, 278) ІТ-лицей статусы берілді. Бұл мақсатта облыстық бюджеттен информатика және робототехника үйірмелерін жүргізуге 19,9 млн теңге қаржы бөлінді. Бала саны көп мектептердің (№2, 3, 264, 101) оқушылары шағын аудандары бойынша ауыстырылады. Сондай-ақ, өткен жылдан бастап білім басқармасы тарапынан мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жеке мектеп құрылысын салуға бизнес секторымен бірлесіп, ауқымды жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде алдағы қыркүйек айында 1450 оқушыға арналған 3 жеке мектеп ашылады деп жоспарлануда. Бұл 1500 оқушы орны тапшылығын азайтуға мүмкіндік береді.

Мұнан бөлек, Жаппасбай батыр көшесінде құрылыс жүргізіліп жатқан 600 орындық мектеп қазан айында пайдалануға беріліп, орнын ташпалығын жояды деп күтілуде.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 3 мектепке республикалық, 2 мектепке аудандық бюджет есебінен күрделі жөндеу жұмыстары жасалуда. Сонымен қатар, 288 мектеп жергілікті бюджет есебінен бөлінген 403,2 млн теңгеге ағымдағы жөндеуден өтуде. Жөндеу жұмыстарын толық аяқтау барлық қала, аудан білім бөлімдерінің басшыларына тапсырылды және облыстық білім басқармасының тұрақты бақылауында.

– **Биылғы тамыз мәслихатында қандай өзекті мәселелер сөз болады?**

– Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын педагогикалық тамыз конференциясы биыл адами капитал мен білім сапасының артуына арналады. Жыны «Келешекке – келме білімнен» тақырыбында өтеді.

Өздеріңіз білесіздер, бұл жылы – өткен жылдың қорытындысы негізінде алда тұрған міндеттерді пысықтау, өзімізге жаңа міндеттер алатын талқы алаңы. Облыстағы барлық педагогтар бірігіп, ортақ мәселеге қатысты өз ұсыныстарын жеткізетін болады. Себебі бізді білім саласында айқын міндеттер күтіп тұр. Қазір дамудың, жылдам қарқынға ілесудің уақыты. Бұл өз кезегінде сала мамандарының ұдайы білім арттыруына жол ашады.

Облыстық тамыз конференциясына білім саласында тәжірибесі бар халықаралық спикерлер қатысады деп жоспарлан отырмыз.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Әңгімелескен Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы».

# Халық сенімі қашанда маңызды

Арыс қаласындағы тұрғын үйлерді қалпына келтіруге және Түркістан қаласындағы халыққа қызмет көрсету кешенін салуға облыстың нақтыланған бюджеті қаражатының бір бөлігі бағытталды», – деп атап өтті аймақ басшысы.

Облыс әкімі бұдан кейін соңғы уақытта аймақта болып өткен қоғамдық-саяси маңызды шаралардан хабарлар етті. Байқоңырда «Роскосмос» басшысы Д.Рогозинмен кездесіп, үкіметаралық отырысқа ұсынылатын мәселелерді, Байқоңыр бойынша жүзеге асуы тиіс жұмыстарды талқылағанын айтты. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласына, Арысқа,

облыс аудандарына жасаған іссапар барысы мен автомобильдер мен құрылысшылардың кәсіби мерекелері туралы баяндалды. Арыс қаласында Үкімет басшысы Асқар Мамин Сыр құрылысшыларының өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқарғандары үшін алғыс білдіргенін жеткізді.

«17 тамызда сенбі күні Президент тапсырмасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин Түркістан облысында жұмыс сапарымен болды. Жұмыс сапары барысында Асқар Ұзақбайұлына Арыс қаласындағы қалпына келтіру жұмыстарының барысы туралы баяндадым. Сыр құрылысшыларына және халқына

қиын жағдайда қолдау жасағаны үшін Премьер-Министр өз ризашылығын білдірді», – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі өңірде тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер бойынша іс-шаралар жоспары бекітілгеніне еске салып өтті.

– Енді әкімдер тұрғындар көтерген осы әлеуметтік мәселелерді шешудің жолдарын қарастыру қажет. Өйткені, халықтың сенімі біз үшін қашанда маңызды. Бұл тапсырмалардың орындалуы қатаң бақылауда болады, – деді облыс әкімі.

Сессияда сенатор Мұрат Бақтиярұлы сөз алып, Қуанышбек Досмайылыұлына облыс әкімі қызметін абыройлы және табысты атқаруына тілектестік білдірді.

Облыстық республикалық бюджет 10 трлн теңге болып бекітілгені, оның басым бөлігі атаулы әлеуметтік көмекке жұмсалып жатқанын жеткізді. Сонымен бірге Қызылорда облысының бюджеті біраз облыстармен салыстырғанда жақсы көрсеткіштермен ерекшеленетінін айтты.

Сенатор Бекмырза Еламанов өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың бірыңғай әлеуметтік төлем жасау көрсеткіші өте төмен болып отырғанын айтып, бұл мәселені басты назарға алуды ұсынды.

Облыс әкімі маңызды мәселелерді көтеріп отырғаны үшін сенаторларға ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар, Үкіметке «Батыс Еуропа - Батыс Қытай»

автоделізінің Ақтөбе мен Қызылорда аралығындағы жолды ІІ категориядан І категорияға көтеру мәселесі қойылып отырғанын айтты. Оны тезірек қолға алмаса, жол-көлік оқиғасы көбейе беретін болады. Осыған Парламент депутаттарының қолдау көрсетулерін сұрады.

Мұнан кейін 9 маусымда болған кезектен тыс Президент сайлауында «Nur Otan» партиясынан ұсынылған кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауды бағдарламасын насихаттауда белсенділік танытқан облыстық қоғамдық штабтың бір топ мүшесіне партияның облыстық филиал төрағасы, облыс әкімі Қ.Ысқақов Президенттің «Алғыс хатын» табыс етті.

## ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА – СПОРТТЫҚ НЫСАНДАР

# Жетістікті өнімді еңбек еселейді

Кеше облыстық мәслихат депутаттары қаладағы жөндеу жүріп жатқан бірқатар спорттық нысандардағы жұмыс барысымен танысты. Алғашқы бағыт №5 облыстық олимпиадалық резервтік мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі болды. Тасбөгет кентінде орналасқан нысан 1970 жылы орта мектептің спорт залы ретінде салынған. 2001 жылдан бастап спорт мектебі болып пайдалануға берілген. Мұнда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



– Жөндеу жұмыстарына 11 млн теңге қаржы бөлінген, жаңа оқу жылы басталғанша толық бітетін болады. Жалпы бізде 8 спорт түрі бойынша 700 оқушы жаттығады, 60 топ бар. Мектепке балалар 7 жастан бастап қабылдана, оларды 20 білікті маман жаттықтырады. Қазір тегін қабылдау жүріп жатыр, – дейді №5 ОРМБЖМ директоры Серік Сексембаев.

Айта кету керек, дәл осы спорт мектебінен Сыр өңірінің мақтанышы, жасөспірімдер арасындағы олимпиаданың байдарка және каноэде есу спортының жүлдегері Диас Бахрадин шыққан.

Мұнан кейін халық қалаулылары Жалантөс баһадүр атындағы олимпиадалық резервтік мамандандырылған мектеп-интернат-колледжін күрделі жөндеу жұмыстарын бағамдалды. Негізгі 50 жыл бұрын қаланған ғимаратқа осы уақытқа дейін күрделі жөндеу жұмыстары мүлдем жүрмеген. 2011 жылы ғана интернаттың жатақханасы ағымдағы жөндеуден өткен.

Бүгінде қасбетіне дейін толық жаңартылуда. Жөндеу жұмыстарына 185 млн теңге қаржы қарастырылған, оның ішінде қасбеті мен қоршау жүргізуге 112 млн теңге бөлінсе, жатақхана ғимаратын жөндеу 73 млн теңгеге құрайды. Өткен жылы ғана колледж мәртебесін иеленген ғимараттың жұмысы қыркүйек айында аяқталып, оқушылардың қуанышын еселемек.

Бұдан бөлек, депутаттар қайта жаңғыртудан өткен Ғ.Мұрабаев атындағы орталық стадионды, «Евразия» спорт кешені мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ғимараты және «Қайсар» футбол клубының базасында болып, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

– Еліміздің заңдылықтарына сәйкес, бюджетті бекіту, оның орындалуын қадағалау мәслихаттың тікелей міндеті болып саналады. Осыған сәйкес, аймақтағы спорт саласын дамытуға жұмсалған қаржының игерілуін, жыл көлемінде бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалып бақылау мақсатында

спорттық нысандарды аралап көрдік. Алдағы уақытта қандай жұмыстарға көңіл бөлуіміз керек екендігін көңілге түйдік. Жалпы, спорттық нысандарға жөндеу жұмыстары жақсы жүруде, – деді облыстық мәслихаттың хатшысы Наурызбай Байқадамов.

Биыл өңірде жоғары спорт шеберлігі мектебі, №1, 2 және аудандардағы №8, 13, 19 облыстық олимпиадалық

Сала жетекшісі аудандар мен Қызылорда қаласындағы бюджет қаржысының игерілу жағдайына кенінен тоқталды. Анықталғандай, жергілікті бюджеттен – 1,5 млрд, республикалық бюджеттен 2,2 млрд теңге белгіленген уақыт ішінде пайдалағарымаған.

# Игерілмеген қаржы – ілгері баспаған іс

Күн тәртібіндегі келесі мәселе 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының орындалуына бағытталды. Мемлекеттік бағдарлама аясында өңірде құны 568 млрд теңгеге құрайтын 28 жоба жүзеге асырылып жатыр. Жаңа жобалар іске қосылған жағдайда 6 мың адамды жұмыспен қамту мүмкіндігі туады. Жыл басынан бері құны 50,2 млрд теңге болатын 3 жоба өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілді. Олар – «Сыр Агро и К» ЖШС-ның 1200 басқа арналған сүт-тауар фермасы, «РЗА» АҚ-ның 1200 басқа арналған ірі қара өсіру кешені мен сүт өңдеу зауыты (II кезең), «Rino Asia» ЖШС-ның керамикалық плитка өндіру зауыты жобалары.

– 2015-2018 жылдары 677 жаңа жұмыс орнын қамтитын 7 жоба іске қосылды. Индустриаландыру бағдарламасы аясында был 4 жобаны іске қосу жоспарланған. Осы мүмкіндіктер аясында 431 жұмыс орны ашылды, – деді облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев.

Оған қоса, аймақта «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнын, «Баласауыскандық» ванадий кенішін игеру, кальцийленген сода, ет комбинаты, томат пастасын шығару, түз өндіру секілді ірі жобаларды іске асыру бағытындағы шаралар жалғасуда. Жалпы алғанда, бағдарламаның бірінші және екінші бесжылдығы аясында құны 150 млрд теңгеге құрайтын 24 жоба іске асырылып, 1,6 мың адам жұмыс тапты. Бүгінгі күні оның 18-і өнім өндіруді қамтамасыз етіп, жоспарлы қуаттылықты 90-100 процентке игеруде.

2019 жылдың 7 айында іске қосылған жобалар аясында 16 млрд теңгеге өнім өндірілді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 17 процентке артық. Есепті кезеңде құны 6 млрд теңге болатын 218,7 мың тонна өнім (тұз, балық, пропан-бутан, аммоний метаванадаты, мия тамырының сығындысы) экспортталды. Бұл көрсеткіш 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 17 процентке артық. Есепті кезеңде құны 6 млрд теңге болатын 218,7 мың тонна өнім (тұз, балық, пропан-бутан, аммоний метаванадаты, мия тамырының сығындысы) экспортталды. Бұл көрсеткіш 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 17 процентке артық. Есепті кезеңде құны 6 млрд теңге болатын 218,7 мың тонна өнім (тұз, балық, пропан-бутан, аммоний метаванадаты, мия тамырының сығындысы) экспортталды.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы бюджет қаржысының игерілмеуінен істің ілгері баспайтынын, индустриялық-инновациялық жобаларды жүзеге асыру өңір экономикасын арттыратынын жеткізді. Осылайша тиісті басқармаларға, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма жүктелді.

1-бет.



# Дәуірхан Айдаров көшесі



Қазалы ауданындағы Әйтеке би кентінде мемлекет және қоғам қайраткері Дәуірхан Айдаровқа көше аты берілді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Ігілікті шарада аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев Дәуірхан Жәліұлының саналы ғұмырын тәрбие ісіне, идеология саласына арнағанына кеңінен тоқталды. Мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Д.Айдаровтың жары Рәш апай өздерінің актілерін айтты. ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ержан Уәйіс облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов пен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаевтың Айдаровтар әулетіне арналған құттықтау хатын оқып берді.

Мұнан соң ел ағалары Дәуірхан Айдаров атындағы көшенің лентасын қиды. Жанадан ашылған көшеде 90-ға жуық тұрғын үй бар.

Қазалы ауданы.

## ҰЛТТЫҚ СПОРТ ЖАНАШЫРЫ

# Тоғызқұмалақ тақтасында 18 мың ғалам көрініс тапқандай

Еліміздің даңқын алысқа шығаратын спортшылар тәрбиеленген бапкерлер арасында жерлесіміз Еркетай Иманбайдың есімі құрметпен аталатын сырбойлылардың мәртебесін асырамыз анық. Ұлттық спорт түрі – тоғызқұмалақ жаңа дәрежеге көтеріліп, еліміздің бірнеше дүркін чемпиондарын, халықаралық біріншіліктердің жеңімпаздарын тәрбиелеген ұстаз шәкірттерінің рухани жан байлығын байытуға да тереңірек мән береді.

Токсаныншы жылдардың соңы, екіншінің жылдардың ортасына дейін облыстық «Сыр бойы» газетінде жарық көріп келген «Спорт» бетінің редакторы ретінде Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушысы Еркетай ағай мен ол тәрбиеленген шәкірттері жөнінде бірнеше мақала жазғанбыз. 1998 жылдың желтоқсанында Президент кутбегінің жеңімпаздары Қызылорда қаласында анықталды. Осы айтулы бәсекеледе бірнеше жерлес спортшы биіктен көрінді. Бәрі де Ерекеннің шәкірттері. Сол ағамыз әлі күнге Сыр спортшының әрі қарай дамуына талмай атсалысып келеді. Шәкірттерінің бойына биязылық пен ізеттілікті сіңіруге талпынатын ол тоғызқұмалақ төңірегіндегі әңгімені ойыннан емес, әріден бастайды.



– Діни нанымда Жаратушының құдіретімен 18 мың ғаламда алты күнде тіршілік пайда болған дейді. Сол құдірет тоғызқұмалақ тақтасында көрініс табады. Сіз дегі тоғыз отау, мендегі тоғыз отау, барлығы он сегіз, яғни ғаламдық құбылыс! Он жұп арқылы өмір жалғасып отырады. Ата-Ана, өмір-өлім, күн мен түн, тақ пен жұп деген секілді... Соның тоғызы мұнда тұр, – деп әңгімесін әрі жалғайды Еркетай Иманбай. Міне, дархан даласы секілді көкірегі де кеңге жайылған аталарымыздың ой-өрісі қиялға қияндап емес, нақты ғылымға негізделген.

– Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Қазақтың политехникалық институтының «Автоматика және есептегіш техника» факультетінің қызыл дипломға бітірген соң біздің бүгінгі кейіпкеріміз Қызылорда политехникасында жиырма жылдан астам уақыт сабақ береді. Сонда информатикадан дәріс беріп жүргенде оқушыларға машина-компьютер тілін меңгеру қиынырақ сабаққа аңғарған

ұстаз, шәкірттеріне информатиканы үйретудің тиімді жолын ізденеді. «Машина-адамның» ойлау процесін балалар қайтесе тез меңгереді? Не істеу керек? – Біздің данышпан бабаларымыз балаларының ойлау қабілетін, пайымдауын, жадында сақтауын қалай жетілдірген деп зерттей бастадым. Көп ізденіп осы тоғызқұмалаққа тоқтадым. Біздің анализ-талдау, синтез жинақтау, алгоритм-есепті шығару әдісі бәрі-бәрі осы ойын барысында қолданылады, осыдан табылды. Бірте-бірте тоғызқұмалақ мені өзіме тарта түсті. Білгенімді оқушыларға үйретуге тырыстым. Халықтық педагогиканы ЭВМ-мен байланыстырдым. Ойнай отырып, ойды жүйелеуді жетілдірдім. Осылайша, ізденіс үстінде жүргенімде республикалық олимпиадаға қатысқан бір оқушыым күтпеген жерден жүлделі үшінші орын иеленді. Бұл біздің сенімдімізді нығайта түсті, – дейді Ерекен.

– Ұлттық ойын – тоғызқұмалақты әлемдік деңгейге көтеруге атсалысқан ғалым-бапкер Еркетай Иманбай ұлы Абай-Абай ойнаған тақтаны көрдім. Ол кісі тек ақын емес, керемет ойыншы болған екен. Өзінің үнемі тоғызқұмалақ ойнайтын тобы болыпты. Балаларының да бұл ойынды ойнауына ерекше мән беріп отырған. Ойында жазатайым жеңіле қалса: «Тақтай бағып, ойын қуған қу ұтады, – деп, жесе: – Бұл ойында ми ұтады», – деп жанындағыларды әзілдеп күлдіріп отырады екен. Осы жерде еске түседі. Жазушы-журналист Әзілхан Нұршайықовтың бір кітабында айтылады. Елүшін жылдардың ортасында болса керек, атақты жазушы, трилогия авторы Мұхтар Әуезов Павлодар алломиний зауытының ашылуына барғанда еңбеккерлермен кездеседі. Сонда осындай әңгіме болған көрінеді. Тоғызқұмалақ тақтасындағы тоғыз отау тектен-текке алынбаған. Бұл ойын – адам өміріне, оның келешегіне қатысты өрісті кеңейтеді. Сондықтан да ойыш қазак ойынның атын тоғызқұмалақ атаған, – деді ол.

Ерекен осы ғылыммен сабақ-шілік жауапкершілік қарастырылған. Сонымен бірге, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар мен салық төлеушілер Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлар айналымының шарттары жөнінде туындаған сұрақтары мен мәселелері туралы Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экспорттық бақылау басқармасына, мына мекен-жай бойынша толық ақпарат алу мүмкіндігі қарастырылғандығын хабарлайды: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 64 «ғ», №211 кабинет, телефон 8-72-42-23-50-54.

М.ӘБДИКАЛЫҚОВ, облыс бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экспорттық бақылау басқармасының басшысы.

## Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды импорттау кезінде қосылған құн салығын салу ерекшеліктері

Еуразиялық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – ЕАЭО) импортталатын тауарларға қосымша құн салығын салу «салық және басқа да бюджетке төлеуі тиіс міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 50 тарауымен реттеледі. Тауарларды ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын жеке және заңды тұлғалар жанама салығын төлеушілер болып табылады.

Тауарларды Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісімен жасасқан келісімшарт негізінде сатып алған жағдайда, қосылған құн салығын төлеуді тауарлар аумағына импортталған ҚР салық төлеушісі жүзеге асырады.

238 СЕН салық есептіліктері қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда не тек электрондық нысанда тапсырылады. Импортталған тауарлар бойынша ҚКС салық төлеушілердің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салықты кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей төленеді.

## Шиелі ауданы тұрғындарының назарына!

21.08.2019 жылы Тартоғай, Бірлестік елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоғарыдан тыс жуу-залаушылықты жою жөнінде туындаған сұрақтары мен мәселелері туралы Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экспорттық бақылау басқармасына, мына мекен-жай бойынша толық ақпарат алу мүмкіндігі қарастырылғандығын хабарлайды: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 64 «ғ», №211 кабинет, телефон 8-72-42-23-50-54.

«Әлеуметтік журналистика: БАҚ-тағы әлеуметтік мәселелер». Аймақтық журналистердің басын Алматы төрінде қосқан семинар-тренинг осылай аталды. Маңызды жиын «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ ұйымдастыруымен, «Шеврол Мұнайгаз ИНК» қаржылай қолдауымен өткізілді.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ.

## Әлеуметтік журналистиканың әлеуеті



### «Google»-дан рұқсат сұраңыз!

Семинар өзара тәжірибе алмасу, цифрлық технологиялардың жаңа тенденцияларымен танысу алаңына айналды десек болады. Мұнда журналистердің дәстүрлі тәсілден тың технологияға бейімделуі қажеттілігі айтылып, сапалы контент жасаудың, мақсатты аудиториямен тиімді жұмыс жүргізу арқылы табысты болудың тетіктері қарастырылды. Сонымен қатар шара аясында Ұлыбританиядағы «Avrupa Media Group», «Avrupa» газеті, «Avrupa ajansı» ақпараттық агенттігі, «Avrupa» радиоарнасы секілді бірнеше БАҚ-ты ұсыныла ұстаған Ватан Өз мырза медиадағы жаңа трендтерді ортаға салды. Коммуникациялық менеджмент, медиаконтентті әлеуметтік желіде ігерілетуі бойынша дәрістерімен бөлісті.

Жалған ақпарат, әлеуметтік желілердегі фейк ақпараттарға қатысты білдірген пайымды пікірі де көпті таңғалдырды. Иә, расымен қазір желіде түрлі мақалалар ашылған фейк ақпараттар қаптан кеткен. Ол арқылы өзгенің парақшасында теріс пікірін тізбектеп, тіпті ар-ожданға нұқсан келтіруге дайын тұратындар бар. Бірақ, спикер «Виртуалды батырды» бұл әрекеті жауапсыз қалмайтынын жеткізді. Алайда, онымен күресте уақытыңызды жоғалтпаңыз анық.

### Фактчекінг – қажет медиасауат

Басқосуда материалды бәсекелестен бұрын жариялағанды жөн санап, ақпарат таратудағы шашандыққа ден қойғандығымыз да айтылды. Бұл ретте фактчекінгке, яғни деректі тексеруге басымдық беріле бермейтін жоққа шығарылмады. Қазақстан ұлттық арнасындағы «Qareke» бағдарламасының продюсері Самал Мейрам жүргізген тренингте осы мәселе кеңінен талқыланды.

Медиа-тренажер журналистік этика, кейіпкермен, құзырлы органдармен қарым-қатынас, резонанс туғыру жайында тәртіпке келтірілді. Әлеуметтік тақырыпқа мәтін жазу, ақпаратты сүзгінен өткізіп барып, көрерменге бұрмаласуыз жеткізу мәселесінде абай болуға шақырды. Себебі, бұл технологияны меңгеру маңыздылығын көбіне еркіндік, объективтілік, бейтараптық және нақтылық секілді этикалық қағидалармен

байланысты. Осы қағидаларды ұстанған жағдайда ғана кез келген медиаресурстың репутациясы және оның аудиториясының сенімі қалыптасады.

### Қажетке қажайтқы қосымшалар

Ал, IT маман Ернұр Зейнуллаев апта сайын, ай сайын медиа мамандарының жұмысын жеделдету үшін ашылатын жаңа сервистермен танысып отыруға шақырды. Оның айтуынша, әлемдік трендтерді үйрену маңызды. Қазір тіпті әлеуметтік желінің өзі сурет жүктеп, «статус» алмаспн қана

отыратын орын емес. Ол – үлкен аудитория. Қаласаныз, редакция имиджін қалыптастырудың қуатты құралы бола алады.

– Мәселен, сайттағы жарияланымға түздік ретінде видеожазба қосқан артық етпейді, оның әлеуметтік желідегі паракшасы арқылы тікелей эфирмен белгілі бір тақырыпқа қатысты пікір алмасулар ұйымдастыру да кері байланысты нығайтады. Медиадағы арнайы зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, мақалаға қарағанда, бейнесауатының 90 проценті адамның есінде сақталды екен. Видеоарналарға қатысты онлайн құралдарға келетін болсақ, «Showbox» бағдарламасы қысқа видеонарыстырылым жасауға, «Vibbo.com» «YouTube» желісіндегі видеоның басты бөліктерін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. «IMOVIE» қосымшасы да – видеожазбаны өңдеуде таптырмас құрал. «Speech» қосымшасы да сізге кез келген уақытта көмекке келеді. Бағдарлама мүмкіндігі арқылы сіз кез келген тілде сұхбат алуға болады, – деді медиа-тренажер.

Жиын қорытындысында спикерлер келешекте салалық БАҚ-қа қажеттілік артауына не тоқталды. Себебі, сапалы контентке сұраныс күшеймек. БАҚ-қа да, оқрманға да жана мүмкіндік ашылатын күн алыс емес.

Бұл – екі күнге созылған семинар-тренингте қамтылған дүниелер. Осыған қарап, біз медиасауаттылықты арттыруға бағытталған шаралар түйгеніміз көп деп айта аламыз.

Қызылорда-Алматы-Қызылорда.

## Электр қауіпсіздігі ережелерін сақтайық!

Экономикасы өрлеп, әлеуметтік ахуалы дамып келе жатқан облысымыздың электр қуатын тұтыну мөлшері де өсуде. Тіршілік қажеттіліктері ең маңызды түрліне айналған осы электр қуатын пайдалану оңай болғанымен, ол аса сақтықты талап етеді.

Біздің облысымызда адам өміріне қауіпті айнымалы тоқтан 40 Вольттан – 220 кВ (220.000 вольт) аралығындағы барлық стандартты кернеуде жұмыс істейтін электр жабдықтары, әуе желілері, жерасты кабельдері орналасқан.

Электр желісінің тіреулеріне шығуға, яғни басқа заттарды сүйеп қоюға, оқшаулағыштарды ұрып сындыруға, әуе желілерінен сымдарына әртүрлі заттарды лақтырып іліп қоюға, әуе желісі мен жерасты кабельдері күзет аймағындағы жерлерді қауға, жол салуға, тағы басқа құрылыс жұмыстарын жүргізуге, от жағуға, ағаш отырғызуға, лас-қоқыс төтуге;

- 1000 вольтқа (1кВ) дейінгі электр желілері - 2 метр
- 20 кВ дейінгі электр желілері - 10 метр
- 35 кВ дейінгі электр желілері - 15 метр
- 110 кВ дейінгі электр желілері - 20 метр
- 220 кВ дейінгі электр желілері - 25 метр

Сондай-ақ қосалқы станциялардың құлшын бұзып, есігін ашуға, ішке кіруге, электр жабдықтарды қолмен ұстауға;

Балаларға үнемі электр тоғының қауіптілігі туралы түсіндіре отырып, олардың электр бағаналары астында, кабель трассалары бойында, трансформаторлық қосалқы станцияларда жанында ойнауға, үзілген электр сымна жанындағы тым салшыну керек.

Электр желісі тартылмаған тіреулерді, оқшаулағыштарды, трансформаторлық қосалқы станцияларда, кабельдік және әуе электр желісін және тағы басқа да электр қондырғыларын зақымдаған адамдар ҚР заң жолымен тиісті органдармен жазаланады.

Егер үзілген электр сымдары көрсетіңіз оған 8-10 метр қашықтыққа дейін жақындауға болмайтындығын есте қатан сақтау қажет. Үзілген электр сымнан аудандық электр торабы мекемесінің диспетчерлеріне, мына телефондар арқылы хабарласып: 902280, 235643, 230400 авариялық бригада келгенше басқа адамдардың жақындауына қалағалау керек.

### ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАН САҚТАЙЫҚ!

Осы электр желілерімен трансформаторлық қосалқы станциялардың бірқалыпты жұмыс істеуіне және адам өміріне қауіпті қатерлі жағдайларды болдырмау үшін төмендегі әрекеттерге тыйым салынады:

Электр желісінің тіреулеріне шығуға, яғни басқа заттарды сүйеп қоюға, оқшаулағыштарды ұрып сындыруға, әуе желілерінен сымдарына әртүрлі заттарды лақтырып іліп қоюға, әуе желісі мен жерасты кабельдері күзет аймағындағы жерлерді қауға, жол салуға, тағы басқа құрылыс жұмыстарын жүргізуге, от жағуға, ағаш отырғызуға, лас-қоқыс төтуге;

Балаларға үнемі электр тоғының қауіптілігі туралы түсіндіре отырып, олардың электр бағаналары астында, кабель трассалары бойында, трансформаторлық қосалқы станцияларда жанында ойнауға, үзілген электр сымна жанындағы тым салшыну керек.

Электр желісі тартылмаған тіреулерді, оқшаулағыштарды, трансформаторлық қосалқы станцияларда, кабельдік және әуе электр желісін және тағы басқа да электр қондырғыларын зақымдаған адамдар ҚР заң жолымен тиісті органдармен жазаланады.

Егер үзілген электр сымдары көрсетіңіз оған 8-10 метр қашықтыққа дейін жақындауға болмайтындығын есте қатан сақтау қажет. Үзілген электр сымнан аудандық электр торабы мекемесінің диспетчерлеріне, мына телефондар арқылы хабарласып: 902280, 235643, 230400 авариялық бригада келгенше басқа адамдардың жақындауына қалағалау керек.

ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАН САҚТАЙЫҚ!

Салық есептілігі – төлемәкі төлеушілер тастаудың жылжымалы көздері бойынша декларацияны қоспағанда есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей ластану объектісінің орналасқан жері бойынша салық органдарына декларация табыс етеді.

Жылдық жиынтық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейінгі төлемдер көлеміне төлемәкі төлеушілер декларацияны есепті салық кезеңнің 20 наурызынан кешіктірмей табыс етеді. Егер, рұқсат құжатты көрсетілген мерзімнен кейін ресімделген жағдайда, төлеушілер декларацияны рұқсат құжатты алынған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей тапсырады.

Төлемәкі ставкалары – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салық кезеңнің бірінші күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш мөлшерін негізге ала отырып айқындалады.



ІСМЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

# Жеңіл өнеркәсіпке жеңіл қарауға болмайды

«Бала күнімізде мерекелік шараларға киетін көйлектің дизайнері де, тігусісі де аңыз еді. Ұйыққан ояғанда алдымызда әдемі көйлек дайын тұрады. Тіпті өзіне де көйлекті лезде тігіп ала қоятын. Бұл балалық шағымыздан естелік болып қалған көрініс. Қазір тоқылған киім, тігілген көйлек деген ұғымнан алыстап кеттік. Бәріміз дайын дүниені сатып алуға жүгіреміз...»

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

Атап айтқанда, көйлек, шалбар, қолғап, белдемше, пальто тігуді үйренеді. Ең алдымен, өлшем алу, киім үлгісін сызу, мағаға пішу, тігуді кезең-кезеңімен үйреніп шығады. Мұнан бөлек, шеберлік сағаттарының ұйымдастырамыз. Мұнда құрақ құрау, мағаға сурет салу секілді көптеп

– Ең әуелі отандық өнімге деген көзқарас түзелсе. Қарапайым ғана мысал, өзгенің қымбат киімі ұнаса, тігісінен қателік байқасақ та, кемшілігіне қарамай сатып аламыз. Ал, отандық өнімге күмәнмен қараймыз. Тағы бір мәселе, отандық сән үйлері бағаны тым шарықтатып жібереді. Халыққа қолжетімді, сапалы киім тігуді қолға алу қажет. Ең болмағанда әр отбасы өз киімін өзі тігіп кие алатындай болса тіпті жақсы болар еді, – дейді Әсіма.

Оның бұл пікірін өзге әріптестері де қолдайды. Жеңіл өнеркәсіптің жүгін арқаулап жүрген жергілікті кәсіпкерлерге осы сауалды қойған едік.

**Гүлбақыт Ізім, «Ізім» ательесінің иесі:**

– Жақында ателье аштым. Сураныс бар. Отандық сән үйлері киімінің қымбат болуы – шикізаттың сырттан келетіндігі және бренд киімінің бағасы соған лайық болады. Алайда қарапайым халықтың бәрине қолжетімді емес. Тағы бір себеп, отандық киім бағасының тым қымбат болуы – бәсекелестің жоқтығы. Бәсекелестік орта болу үшін жеңіл өнеркәсіпке қолдау қажет. Елімізде алдағы онжылдықта жеңіл өнеркәсіп белгілі бір деңгейде дамиды деген сенім бар.

**Жанат Әуесбай, «Балақай ҚЗО» ЖК иесі:**

– Облысымызда «Daltex» жақсы деңгейде келе жатыр. Бағасы да қолжетімді. Сапасы да ұнады. Жеңіл өнеркәсіп даму үшін бұл салаға көзқарасты өзгерту қажет. Себебі, халықтың өз өнімдеріне неғұрлым қарайтыны жақырап емес.

Қалай айтсақ та, бүгінде ісмерлікке елдің ықыласы ерекше. Үйіңдегі көрпе-төсегін өзі дайындап, тіпті қойлегін тігіп киюді үйренгісі келетіндер көп. Мұны тігін орталығындағы қарасы қалың үйренушілерден байқадық.

Тағы бір қуантарлығы, өңірде жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бетбұрыс бар. Атап айтқанда, ерлер жейдесін тігуден танымал болып қалған «Daltex» оқушылар формасын тізе бастады. Жалағаш ауданындағы «Өркен Әлем» ЖШС әскери киім дайындаудан өзгелермен бәсекелесе алатындай жағдайда. Бұған той көйлектері мен ұлттық киім тігіп жүрген ательелерді қосыңыз. Сондай-ақ, өткен жылы жергілікті кәсіпкер шағын өндірісті қолға алып, шұлық шығара бастады.



«Аякен» тігін орталығының жетекшісі Әсіма Бежановамен әңгімеміз осылайша басталды. Бала күнімізде өзгенің киімін емес, өзімізге арнап аңыз тіккен көйлекті қазір біз неге тікпейміз?! Біз үшін анам тоқылған қалпақ пен қолғап, гүлдермен көмкерілген тоқыма жемпір мақтаныс болатын. Себебі, әр бала өз анасының қолынан шыққан дүниені мақтана алатын. Ал, қазір қалай? Өзіміз қандай киім киіп жүрміз? Балаулар ше?

Осындай сауал мазалаған көпбалалы ана Әсіма ісмерлікті үйренуге бел буады. Тағы да мәселе. Қаланы шыр айналып жүріп тігін тігуді үйрететін бірде-бір орталық таппайды. Қала асып баруға балалар жас. Ізденіс үстінде жүргенде бір күні жарнама арқылы «Аякен» тігін орталығының мамандары өңірге бірнеше күнге келіп курс өткізетіндігін естіп, сабағына қатысады. Аз уақыт болса да біраз мәліметке қанығады. Өлшеу-пішудің алғашқы сабағын алған Әсімаға бұл әлде де аздақ еткені рас. Енді осындай орталықты өзімізден неге ашпаса деген ой келеді. Елге танымал «Аякен» тігін орталығының франчайзасын сатып алып, өзі сияқты талай қыз-келіншек үшін туған жерден тігін курсын ашуды қолға алады. Армандағыдай оқу орталығын тапқан ол Нұр-Сұлтан қаласында екі



**Зейнеткерлерге арналған кепілсіз кредит рәсімдеп жүлделердің ұтыс ойынына қатысыңыз\***

Жолдама Жөндеу Тұрмыстық техника

Акция кезеңі: 2019 ж. 24 маусым - 30 қыркүйек.

**Меншік иесі**  
**СЫРМЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

БӘРЕКЕЛДІ!



## Мақсат – Азия чемпионы

Бүгінде Моңғолия астанасы Улан-Баторда ересектер арасында қазақ күресінен Азия чемпионаты өтуде.

Оған әлемнің көптеген мемлекеттерінен өз салмақ дәрежелері бойынша үздік деп танылған боз кілем шеберлері қатысып жатыр. Байрақты додала бақтарын сынаған Сыр елінің балуандары жарысты тамаша жетістіктермен бастады.

100 келі салмақ бойынша боз кілем үстінде өнер көрсеткен жерлесіміз Мақсат

Исакабылов барлық қарсыластарының жауырынын жерге тигізіп, Азия чемпионы атанды. Мақсат өткен жылы да Азия біріншілігін жеңіп алған болатын.

Сонымен бірге, осы жарыста тағы бір жерлесіміз Жайдарбек Есенов 82 келіде қола медальға ие болды.

**Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ.**

АПЫРАЙ, Ә!

## Ең ұзақ есім

Есімге байланысты дүниенің түсіп-түсірпін-де мынадай қызықтар барын білесіз бе?

Мәселен, египеттік бір әке өз қызына Фейсбук деп ат қойды. Ал, ресейлік атақты кәсіпкер, меценат Савва Мамонтов өзінің есімінің бірінші дыбыстарынан бөз перзентінің есімдерін қойған. Балаларының есімдерінің бас әріптері әкелерінің есімін құрайды: Сергей, Андрей, Всеволод, Вера және Александр. Біздің халқымыз есімге бай болса, қорейлерде олай емес. Оларды тегімен оңай тауып ала алмайсыз. Әлемдегі 80 миллион қорейге ортақ 300 түрлі тегі бар. Ал екі не үш әріппен аталағын есімдері мыңнан асып жығылады. Сондықтан оларда аттас-тар кездеспейді. Көбінің тегі бірдей болғанымен, есімдері әртүрлі.

Мына бір қызық жайтты қараңыз. Квакиутль тайпасының үндістері біреуден қарызға ақша алғанда кепілдік ретінде өзінің есімін қалдырып кетеді. Ол қарызға алған ақшасын қайтарғанша оны ешкім өз атымен атамайды. Исландиялық тұрғындардың көбінің есімдері тегісіз айтылады. Тек олар есімдерінің жанына әкесінің атын қосады. Мәселен, Магнус Карлсон – Магнус Карлуль, Анна Карлсдоттир – Анна Карлқызы. Ал әлемдегі ең көп қойылған әйел есімі – Анна. Олар 100 миллион болса, Швецияда Карлсон тегін еншілеген 300 мыңға жуық адам өмір сүреді екен. Сондай-ақ, шамамен 90 млн қытайлықтардың тегі Ли деп аталады. Кейбірі оны есім етіп те өзіне еншілеп алған.

1979 жылы Пенсильванияда өмірге келген екі балаға Пепси мен Кола деген есімдер қойылғанын да біле жүріңіз. Ал Гавай аралдарының біріндегі мектепте жергілікті мейрамханалардың бірінші

қожаыны қызын оқуға беріпті. Сенсіз бе, оның есімі мен тегі 102 әріпті құрайды. Қыздың аты-жөні қазақ тілінде «Гавайдың жан-жағын жұпар иіспен әрлендіргін тау мен даланың түрлі-түсті таңағайып гүлдері» деген мағынаны білдіреді. Осындай ерекше есімді еншілеген ару санын журналына аты-жөнін сыйғыза алмай әлекке түскен көрнеді.

Әлемдегі ең ұзақ есім 1478 әріппен құралған. Оны оқу үшін он минут уақыт кетеді. Есімінің ішінде тарихи орындар мен танымал дипломаттардың және дінтанушылар мен ғалымдардың есімдері кездеседі. Танымал суретші Пабло Пикассо көпшілігіңізге таныс шығар. Бірақ суретшінің толық аты-жөні осы 12 әріппен шектелмейді. 93 әріппен құралған оның нағыз аты-жөні Пабло Диего Хозе Франсиско де Паула Хуан Непомукено де Сантисима Тринидад Руиз и Пикассо. Пикассо испандық болғандықтан мұндай шұбыртпалы аты-жөндер оларда сирек кездеспейді.

Ал бізде есімі 17 әріппен тұратын қала тұрғыны барын біреуіңіз білесіз, екіншісіз естімеуіңіз мүмкін. Аққарақозайымсұлу Ғабитқызы отбасындағы тұңғыш немере болғандықтан, оның есімін қоюға барлығы қызғушылық танытыпты. Ата-әжесі арқайсысының ұсынған есімдерін жинақтап Аққарақозайымсұлу деп атауды жөн санайды. Оны жақындары еркелетіп Қарақоз дейді. Есімі ерекше жан ұстаздық жолын тандапты. Бүгінде еліміздің білім беру саласына өз үлесін қосып жүр.

Әзірлеген  
**Айсауле ҚАРАПАЕВА,**  
«Сыр бойы».

# Ендігі асу – Әлем біріншілігі

Тайбәйдің төрінде тұтас қазақ даласы ән салып тұрғандай болды. Маңдайдан аққан тер тамшы боп жерге тамып жатқанда оның алдымен ойлағаны кіндігінің қаны тамған жерге маңдайының тері де сіңісін деген еді. Оң жеті жастағы спортшы татамиге шыққанда елдің Тілегенге тілегені де жеңіс болатын. Артында дүйім елдің арқан сенімі, алдында жарқын болашақ. Міне, дзю-до спортынан жеңіске жетке айтқан спортшының мақсаты да сол еді...

Дәулет ҚЫРДАН.



Тілеген Тынарбай бұғанасы қатпай жатып, спортқа барды. Балалық шағы Жалағашта өткен жалынды жас ерте кезден білікті мамандардан тәжірибе жинады. Бірде-бір жаттығудан қалыс қалмады. Орайын тауып үйренуді көздеді. Ерінбейді. Қажымалды, талмады. Ұстазы Арман Молдаханов оны талай сайыстың төрінде тарландармен айкастырды. Мықтымен сынга түсіп, сағы сынған жоқ, керісінше, өзінен басым түскенін бойындағы артықшылықты бойына жинап, ширай түсті.

– Жаттығуларда өзін көрсетіп, ынталы екенін байқатқан шәкіртті бапкер де алыстан таниды. Осы баладан бірден шығады деп, жарыстан қалдырмады. Қазақстан бойынша да үздік үштікке ілінді. Білесіз бе, біз үшін әрбір шәкірттің болашағы маңызды. Ауданға қарағанда сонау Алматыдағы мектептердің мүмкіндігі жоғары. Спорттан кетіп қалмасын деп, қасында қолдау көрсетіп, Алматы қаласында орналасқан Қ.Ахметов атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернатқа жөнелттік. Ата-анасы да сенім арттып, баласының шешімін құптады. 11-сыныпты бітіргенде де кеңес айтып, саладан жырақтамауын сұрағанмын. Қазір сол жақта спортшыларды даярлайтын колледжде білім алып жүр, – дейді Жалағаш ауданындағы №13 балаларға арналған спорт мектебінің аға жаттықтырушысы Арман Молдаханов.

Аспанақты еліңдегі Азия спортшыларының басын қосқан чемпионатқа осындай сенімді арқаулап барған Тілеген төрт кездесу өткізді. Ә дегеннен жеңіске-жегі жоғары дамыған Солтүстік Кореяның балуанымен шыққанда жанкүйерлер даусы залды жаңғыртып жібергендей еді. Татамиде сынга түскен қос спортшыға көз тіккен жұртшылық тақым қысып отырды. Санаулы секундтар сырғыды. Жүрек дүрсілі жиілеген. Төреші Тілегеннің қолын көтергенде қандастардың қуанышында шек болмады, жанардан бақыттың жақұттай болған көз жасы сырғыды. Мұнан соң Тәжікстан спортшысын да көп ұзатпай сұлатты. Ізін ала монғолиялықты да жыққан жалынды жас

ақтық сынга осылай жолдама алған.

Көгілдір экранға көз тіккен қазақтың қаны тулап, дөбелесі қозып, шешуші шайқасқа назар салған. Тілеген рухы мықты, сағы сынбайтын, қарсыласын жықпайынша тынбайтын қайсар елдің ұрпағы екенін көрсетті. Саспады, қаймықпады. Кеулесінде жеңіске деген сенім оның әрбір қадамын нық қылған. Жаттықтырушылары Жайдар Есенов, Өмірбек Қалменов пен Арман Молдахановтың үйреткен ұрыс тәсілі оны жеңіске-жегіткі биік шыңына шығарды.

– Ирандық спортшымен шықты. Ақтық сын еді. Шәкірттің ғой, теледидарға кіріп кетердей отырдым. Егер жеңіске жетсе, қанша бапкердің еңбегінің жемісі, төккен тердің өтеуі. Қатты қобалжыдық. Өлбетте, бастысы жақсы адам болғаны ғой, бірақ көк күтпін желбіретер мықты спортшы болғаны – жүрек қалауың, – дейді бапкер Арман Молдаханов.

Сыр халқы алдыңғы үш спортшыны тізе бүктірген Тілегеннің шешуші сынанқан сүрінбей, мүдірмей өтуін тіледі. Татамидегі екі мықтының беріспес шайқасы жалғаса түсті. Жеңісті кім қолдан атынан шыққанын, арман да – сол үмітті ақтау.

...Межелі уақыт бітіп, қонырау соғылды. Ортаға төреші шыққанда көрермендердің демі ішінде... Таза жеңіс. Бәрі де қалың қауымның көз алдында өтті. Қалғаны – төрешінің Тілегеннің қолын көтеріп, көк тудың биікке самғауы. Иә, ол да орындалды. «Тілеген Тынарбек, Қазақстан!» деген дауыс шықты. Осы дауыспен бірге ұралаған дауыс алыс сарайдың ішінде жаңғырып кетті.

Тілеген Тынарбай осылайша 66 келі салмақтағы Азия чемпионы атанды. Құшақтай алған бапкер де қуаныштың құшағында. Олардың жұмысы мұнымен біткен жоқ. Өйткені, алда тағы бір үлкен сын күтіп тұр. Бір айдай ғана уақыт қалды, 24-29 қыркүйек аралығында Алматыда өтетін Әлем чемпионатына қатысады. Жас спортшы осы күні Венгрияда жаттығу үстінде...

Тағы да сәттілік тілейміз.